

№3 Мәртөк ЖОББМ 8 «А» класс жетекшісі Алтаева Айзаданың 2023-2024 оқу жылының жылдық тәрбие жұмыстарының

Анализі

8 «А» класында оқу жылының басында 7 және жылдың соңында барлығы 7 оқушы 5- ұл, 2-қыз. Жыл басында тәрбие жұмыстарының жылдық жоспары құрылып, соған сәйкес іс- шаралар өз уақытында өткізіліп отырылды.

Биылғы 2023-2024 оқу жылы ішінде тәрбие жұмысы 3 құндылық бойынша жүргізілді: **ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ, АР-ҰЯТ, ТАЛАП.**

**Ұлттық мүдде құндылығы:** - Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға атсалысу; - Қазақстанның оңтайлы имиджін қалыптастыруға белсенді үлес қосу; - Ұлттық мұраға ұқыпты қарау; - Қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту; - Қазақстан мүддесіне қызмет етуге ұмтылу; - Қоғам игілігі үшін қызмет ету; - Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге дайын болу; - Ұлттық мәдениетті дәріптеу;

**Күтілетін нәтижесі:** - Отаншыл, мемлекетшіл және намысшыл - Мемлекеттік рәміздерді қадірлейді - Елінің тарихын құрметтейді - Ұлттық мирасты, мәдениетті дәріптейді Ұсыным - Құқықтық және экологиялық мәдениеті жоғары

**Ар-ұят құндылығы:** - Академиялық адалдық қағидатын қолдау; - Адал еңбекті құрметтеу; - Сөзіне берік, ісіне адал болу; - Халқына адал қызмет ету - Әдеп нормаларын ұстану; - Шешім қабылдай білу және жауапкершілікті сезіну; - Достарына, сыныптастарына, отбасы мүшелеріне қамқор болу, мейірімділік таныту; - Өзін отбасының, сыныптың, мектептің, қоғамның, Отанның бірмүшесі екенін сезіну.

**Күтілетін нәтижесі:** - Ар-ұят, адалдықты жоғары бағалайды; - Сөзіне берік, ісіне жауапкершілік танытады; - Ата-анасына сүйіспеншілік пен қарайды; - Достарын, сыныптастарын сыйлайды; - Кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді.

**Талап құндылығы:** - Сыни және креативті ойлау; - Жеке және командамен жұмыс істей білу; - Білуге, жаңаны тануға құштар болу; - Физикалық белсенді болу; - Салауатты өмір салтын ұстану; - Технологиялық және цифрлық дағдыларды ілгерілету; - Дұрыс қарым-қатынас орната білу; - Уақыт пен қаржыны тиімді жоспарлау.

**Күтілетін нәтижесі:** - Жан мен тән тазалығын сақтайды; - Дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді; - Қоршаған орта тазалығын сақтайды; Ұсыным - Ақпараттық, медиа және қаржылық сауаттылық; - Ізденімпаз, жасампаз тұлға.

Осы оқу жылында ұлттық мүдде құндылығы бойынша: “Мектеп - мейірім мекені”, “Отбасым – бақыт мекенім”, «Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ», «Қазақстан отанымыз біздің», «Кекшіл болма көпшіл бол», «Қазақстан отанымыз біздің», «Мемлекеттік рәміздер ұлттық мақтанышымыз», “Ұлттық

мұраны, қазақ тілін ұлықтау”, «Қазақтың ұлттық тағамдары», “1 мамыр- Қазақстан халықтарының бірлігі күні”, “9 мамыр-Жеңіс күні” тақырыптарында тәрбие сағаттары өткізілді.

**Ар-ұят** құндылығы негізінде: «Кітап білім ордасы», «Адамгершілік ардың ісі» «Тәрбиенің ең тамаша мектебі отбасы» «Әдептілік әдемілік» «Жемқорлық індет жою міндет» «Өнегелі отбасы қоғам байлығы» «Адалдық адамдықтың белгісі» «Имандылық ізгілік негізі» «Нашақорлық ғасыр дерті» «Өнегелі отбасы қоғам байлығы» «Қазақтың ұлттық ойындары» «Отбасында зорлық зомбылыққа жол жоқ» «Мамандықтың бәрі жақсы», «Табиғатты аялайық достар», «Интернет зиянды білесізбе?» тақырыптарында;

**Талап** құндылығы негізінде «Құқық және заң», «Сабыр түбі сары алтын», «Табиғатты аялайық достар» «Интернет зиянды білесізбе?» «Зиянды заттардың зардабы» «Тілім менің тірегім» «Мамандық таңдау менің болашағымның таңдауы» тақырыптарында тәрбие сағаттары өткізілді.

Сонымен қатар, сынып белсенділерін сайлау, мектеп формасы, оқулығын күту, сабақтан қалмау, күнделікпен жұмыс, демалыс кезінде іс шараларға және күзгі, қысқы, жазғы демалыста қауіпсіздік ережесін сақтау жұмыстары жүргізілді.

Ұсыныс: 2024-2025 ж:

- Бекітілген жоспар бойынша жұмысты жалғастыру;
- Жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде жан жақты және үйлесімді дамыған тұлға тәрбиелеу.

Класс жетекшісі:

Алтаева А.Е

